Сондай-ақ, ол Атырау облысының өңірлік картасында қарастырылған 2414 тұрақты жұмыс орнының осы жылдың 6 айында 137-сі (5,7%) ғана ашылғанын, Исатай, Мақат аудандарында бірде-біреуі ашылмағанын, Жылыой ауданында ашылуы көзделген 97 тұрақты жұмыс орнының 2-еуі ғана ашылғанын айтты.

«Электрондық еңбек биржасына енгізілген Ұлттық жобалар шеңберінде жарияланған жұмыс орындарының талдау нәтижелері Атырау облысы бойынша жарияланған 1280 орынның 965 - і белгілі бір біліктілік талаптарын қойғанын, ал 315 – не талаптар жоқ екенін көрсетті.

Ұлттық жобалар аясында жұмысқа жіберуге болатын адамдардың саны мен біліктілік талаптары жеткілікті болуына қарамастан, тек 317 адам ғана Ұлттық жобалар аясында жұмысқа орналасқан, оның ішінде тек 73 адамды Жұмыспен қамту орталықтары

| | |
|---|---|
| | жолдаған. Атырау қаласынан басқа аудандардың жұмыспен қамту орталықтары бұл бағытта мүлдем жұмыс жүргізбей отыр», – деді Тамара Дүйсенова.<br>Деловой Қазақстан. Сілтеме: https://dknews.kz/kz/kazak-tilindegi-makalalar/245740-atyrau-oblysynda-arbir-besinshi-turgyn-15-28-zhas<br><br>**2022 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданған болатын.**<br>«Тұжырымдаманың негізгі бағыттарының бірі – ауыл жастарын кәсіби тұрғыда дамыту, кәсіпкерлік арқылы олардың әлеуетін іске асыруға баса назар аудару. Оның аясында 2029 жылға дейін 1 миллион ауыл жастарын жұмыспен қамту, 3,8 миллион жасты ресурстық орталықтар арқылы әлеуметтік қызметтермен қамту көзделген.<br>2029 жылға дейін қоғамдық кеңестерде жастар квотасын 20%-ға арттыру, жас мемлекеттік қызметшілердің көрсеткішін 25%-ға ұлғайту, 2,2 млн жасты волонтерлік, қайырымдылық және экологиялық бастамаларға тарту жоспарланып отыр.<br>Негізгі мақсаттардың бірі – NEET санатындағы жастардың үлесі 6,7%-дан 3,5%-ға дейін төмендету.<br>2029 жылға дейін 18,2 мың жасқа жеңілдетілген несие беріледі. Сондай-ақ 2,3 миллион жасты жұмыспен, 2,8 миллион жасты жоғары біліммен қамту көзделіп отыр.<br>**5.7. Ауыл және жастар**<br>Дамыған елдердің қоғамдық өмірін жаңғырту тәжірибесі жастардың жас ерекшеліктеріне және әлеуметтік жағдайдың маргиналдылығына байланысты ең серпінді, ең пластикалық, өзгермелі жағдайларға бейім әлеуметтік-демографиялық топ ретінде әрекет ететіндігін көрсетеді. Жастар жаңа әлеуметтік жағдайларға оңай бейімделеді, сондықтан олардың әлеуметтік жағдайы мен әл-ауқаты әлеуметтік өзгерістердің маңызды көрсеткіші болып табылады.<br>Ауылдан қалаға жастар көші-қоны проблемасы жастарды жұмысқа орналастыруға және ауылдық аумақтарда жастар кәсіпкерлігін дамытуға жәрдемдесу, 14-18 жас аралығындағы ауыл жастары арасында кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ ауылда жастар бастамаларын дамыту, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін белсенді тарту арқылы шешіледі.<br>Ауылдық аумақтардың орнықты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ауылдық жерлерде жастарды жұмысқа орналастыруға, сондай-ақ олардың әлеуетін кәсіпкерлік арқылы, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті тарту тетігі арқылы іске асыруға бағытталған іс-шаралар кешені іске асырылатын болады.<br>14-18 жас аралығындағы ауыл жастары арасында үнемі кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізілетін болады.<br>ЖРО базасында 18-23 жас аралығындағы ЖОО, ТжКБ түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылады.<br>Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық табысты әлеуметтенудің кепілі және жұмысқа орналасудың қажетті атрибуты болып табылады.<br>Осыған байланысты, Тұжырымдамада цифрлық сауаттылықты арттыру бойынша оқудан өткен өңірлік жастардың үлесін ұлғайту көзделген.<br>Бұл шара өңірлік жастар мен қала жастары арасындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді.<br>**Сілтеме:** https://legalacts.egov.kz/application/downloadconceptfile?id=14407410<br>https://baq.kz/auyl-zhastary-arasynda-zhumyssyzdyq-dengeyi-ali-de-zhogary-duysenova-289247/<br><br>Жоғарыда келтірілген ақпараттарға сүйене отырып, Ауыл жастарын ауылдық аумақтарды дамытуға тарту мәселесі өте өзекті және шұғыл шешімдер қабылдау қажеттігін айқындап отыр. Аталған мәселеге байланысты балалар мен жастар бастамаларына |

| | |
|---|---|
| | қолдау көрсету бағытындағы 12 жылға жуық тәжірибесі және Атырау облысының аудан, ауылдық жерлерінде өкілдіктері бар ұйым ретінде облыстың ауылды мекендеріндегі жастармен тікелей байланысу арқылы осы жобаны толық жүзеге асыру мүмкіндігіміз бар. |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | Атырау облысы аумағы бойынша 15-35 жас аралығындағы ауыл жастарын әлеуметтенуіне қолдау көрсету және елдің қоғамдық-саяси өміріне тарту, белсенді өмірлік және азаматтық ұстанымды қалыптастыру.<br>Жастарды білім алу, жұмысқа орналасу, лайықты еңбек ету, белгілі бір жобаларды жоспарлау мен іске асыру дағдыларына оқытуды ұйымдастыру және жүзеге асыру. |
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | **«Жастар үлесі»** ауыл жастарын қолдау жобасының міндеттері:<br><br>1. Ауылдық елді мекендердегі тұрғындардың, оның ішінде жастардың даму мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін талдау (әкімдіктердің сайттарындағы жыл сайынғы есептік баяндамалар негізінде, қоғамдық кеңестің баяндамалары, азаматтық белсенділердің мәлімдемелері, сауалнамалар жүргізу);<br>2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, тапсырыс берушімен келісу және қатысушыларды іріктеу критерийлерін дайындау;<br>3. Әлеуметтік жобалар дайындау, жоба есебін жүргізу және ақпараттық сауаттылық бойынша оқыту, байқау ережесімен таныстыру онлайн семинарларын өткізу (кем дегенде 8).<br>4. Білім беру бағдарламасына қатысушылар арасында шағын гранттар байқауын өткізу. Жобаларды іріктеу, грант иегерлерін анықтау;<br>5. Жобалардың жүзеге асырылу барысын ақпараттық жария етуді, оның ішінде жоба қорытындысы бойынша БАҚ- да мақала жариялау. Жоба есебін тапсыру. |
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | **«Жастар үлесі»** ауыл жастарын қолдау жобасы Атырау облысының Исатай, Құрманғазы, Индер, Махамбет, Жылыой, Мақат, Қызылқоға аудандары ауылдарындағы және қала маңындағы ауылдық жерлердің 15-35 жас аралығындағы жастарын қамтиды.<br>Жастарға тұрғылықты ауылдарында әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру үшін шағын гранттар беру оларға қоғамдық процестердің толыққанды қатысушысы болуға мүмкіндік береді. Жастар жобалық менеджмент дағдыларын игере алады, сондай-ақ өз ауылының әлеуметтік маңызды мәселесін шеше алады, бұл өз кезегінде халықтың өмірін жақсартуға және жастар арасында қалаларға көші-қонның азаюына әкеледі.<br><u>Нысаналы индикатор:</u> Атырау облысы ауылдарының жастарының бастамаларымен әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталған 14 жобаны 500 000 тг көлеміндегі грантпен қамтамасыз ету және жүзеге асырылуына қолдау көрсету.<br><br>**1 міндет: Ауылдық елді мекендердегі тұрғындардың, оның ішінде жастардың даму мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін талдау (әкімдіктердің сайттарындағы жыл сайынғы есептік баяндамалар негізінде, қоғамдық кеңестің баяндамалары, азаматтық белсенділердің мәлімдемелері, құзіретті органдармен ақпараттық алмасулар, жастар арасында сауалнамалар жүргізу)**<br><br>**№1 іс-шара.** Жобалық топ Атырау облысының Исатай, Құрманғазы, Индер, Махамбет, Жылыой, Мақат, Қызылқоға аудандары ішкі саясат бөлімдеріне және Атырау қаласы маңындағы ауылдық округтер әкімдіктеріне хат жолдау арқылы жергілікті жерлердегі жастардың даму мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін талдау жөніндегі ақпараттарды жинау және саралау жүргізіледі. |

| | |
|---|---|
| | **№2 іс-шара.** Жобалық топ және ұйымның облыс көлеміндегі өкілдіктері арқылы **жобаның инновациясы ретінде Google Forms сервисі арқылы ауылдық жастар арасында әлеуметтік сауалнамалар** жобадан тыс, қаржы шығынынсыз (0 теңге) жүргізіледі.<br>**№3 іс-шара.** Жобалық топпен келіп түскен мәліметтерді саралау қорытындылары бойынша әлеуметтік жобалар бойынша гранттар беру байқауының басым бағыттарын анықтау және байқау Ережесі дайындалып, Тапсырыс берушімен келісуге жолданады.<br>**№4 іс-шара.** Жоба басталғандығы және ақпараттары ұйымның әлеуметтік желілердегі парақшаларында, БАҚ-да жарияланады.<br>**№5 іс-шара.** Грант конкурсы басталғандығы жөнінде жарнамалар Атырау облысы аумағында таратылатын «Ретро FM» 105 және «Жұлдыз FM» 107,2 радиолары арқылы әр радиоторапта 5 күннен және Атырау қаласы көшелерінде орналасқан 2 лэд экранда насихаттау жұмысы жүргізіледі<br><br>**2 міндет: Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, тапсырыс берушімен келісу және қатысушыларды іріктеу критерийлерін дайындау**<br>**№1 іс – шара.** Жобалық топ ауыл жастарымен жүргізілетін білім беру бағдарламаларын, қатысушыларды іріктеу критерийлерін дайындайды және тапсырыс берушіге ұсынады:<br>1. «Әлеуметтік жоба жасау» Жобалық топ жетекшісі Қанатова Мартагүл Төлеуқызы;<br>2. «Бухгалтерлік есеп жүргізу» есепші Сабиргалиева Баян Едреновна;<br>3. «Ақпараттық сауаттылық» бойынша оқытуды Ғилым Қарақат Ғилымқызы жүргізеді.<br>**№2 іс-шара.** Жобалық топ мүшелері жастар арасында жүргізілген сауалнамада көрсетілген электронды мекен -жайға келіп түскен өтініштер бойынша қатысушыларды іріктейді. Сонымен қатар қызығушылық танытқан өзге де ауыл жастары үшін арнайы ашылған мессенджерлердегі чат-боттар арқылы *Білім беру бағдарламаларына қатысушыларды іріктеу жұмыстары* жүргізіледі.<br><br>**3 міндет: Әлеуметтік жобалар дайындау, жоба есебін жүргізу және ақпараттық сауаттылық бойынша оқыту, байқау ережесімен таныстыру онлайн семинарларын өткізу (кем дегенде 8)**<br>**№1 іс – шара.** Жобалық топпен Білім беру бағдарламаларын өткізу кестесі және қатысушылар тізімдері жасақталады.<br>**№2 іс – шара.** Сабақтарға қатысушылар WhatsApp мессенджеріне топтарға қосылады. Сабақ кестесі негізінде топтарға сілтемелер мен хабарландырулар жолданады.<br>**№3 іс – шара.** ZOOM «кәсіби» пакеті сатып алынады, сабақтар кестеге сай жоспарланып, өткізіледі.<br><br>**4 міндет: Білім беру бағдарламасына қатысушылар арасында шағын гранттар байқауын өткізу. Жобаларды іріктеу, грант иегерлерін анықтау**<br>**№1 іс -шара.** Ауыл жастарына арналған әлеуметтік жобалардың шағын гранттар байқауының Тапсырыс берушімен мақұлданған Ережесі қатысушылардың WhatsApp мессенджеріне топтарына, ұйымның әлеуметтік желілердегі парақшаларында, жергілікті Радио тораптарында жарияланады.<br>**№2 іс- шара.** Қатысушылар құжаттары байқауға арнайы ашылған электронды мекен - жайға қабылданады.<br>**№3 іс-шара.** Жобалық топпен Байқау бағыттары бойынша құжаттар сұрыпталады.<br>**№4 іс -шара.** Байқау жеңімпаздарын анықтау мақсатында әлеуметтік жобалау және оны жүзеге асыру бойынша тәжірибелі және арнайы мамандардан комиссия құрамы жасақталып, грант иегерлерін анықтау жұмыстары жүргізіледі.<br>**№5 іс-шара.** Грант иегерлерімен келісім шарттар жасау: жобаларды жүзеге асыру, қаржылық, шығармашылық есептілік мерзімдерін белгілеу, қаржымен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі. |

| | |
|---|---|
| | **5 міндет: Жобалардың жүзеге асырылу барысын ақпараттық жария етуді, оның ішінде жоба қорытындысы бойынша БАҚ- да мақала жариялау. Жоба есебін тапсыру.**<br>**№1 іс -шара.** СММ маманы жобалардың жүзеге асырылуы бойынша ақпараттарды әр бағытқа арнайы хэштегтермен әлеуметтік желілерде жариялау жұмыстарын жүргізеді.<br>**№2 іс-шара.** Жоба қорытындысы бойынша БАҚ- да мақала жарияланады.<br>**№3 іс-шара.** Жобалық топ жоба бойынша шығармашылқ және қаржылық есебін тапсыруды жүзеге асырады. |
| 7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы | Атырау облысының жеті ауданы: Исатай, Құрманғазы, Махамбет, Индер, Мақат, Жылыой, Қызылқоға және Атырау қаласы маңындағы ауылдық округтер |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | Келісімшартқа отырған күннен басталады. |
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | 30 тамыз, 2023 жыл |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | 15-35 жас аралығындағы облыстың ауылды мекендерінің жастары |
| 11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері | 1. Ауылдық елді мекендердегі тұрғындардың, оның ішінде жастардың даму мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін талдау (әкімдіктердің сайттарындағы жыл сайынғы есептік баяндамалар негізінде, қоғамдық кеңестің баяндамалары, азаматтық белсенділердің мәлімдемелері, сауалнамалар жүргізу) жұмыстары жүргізіледі.<br>2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қатысушыларды, тапсырыс берушімен келісу жұмыстары жүргізіледі.<br>3. Әлеуметтік жобалар дайындау, жоба есебін жүргізу және ақпараттық сауаттылық бойынша оқыту, байқау ережесімен таныстыру семинарлары өткізіледі.<br>4. Білім беру бағдарламасына қатысушылар арасында шағын гранттар байқауы өткізіліп, Жобалар іріктеледі, бағыттар бойынша грант иегерлері анықталады. Атырау облысы ауылдарының жастарының бастамаларымен әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталған 14 жобаны 500 000 тг көлеміндегі грантпен қамтамасыз етіледі және жүзеге асырылуына қолдау көрсетіледі..<br>5. Жобалардың жүзеге асырылу барысы жан- жақты ақпараттық жария етіледі, оның ішінде жоба қорытындысы бойынша БАҚ-да мақала жарияланады. Жоба есебін тапсыру жұмыстары жүргізіледі. |
| Сандық нәтижелері | 1. Жобалық топпен Атырау облысының **7** ауданының ішкі саясат бөлімдеріне және Атырау қаласы маңындағы **3** ауылдық округтер әкімдіктеріне хат жолданады, жауаптары негізінде жергілікті жерлердегі жастардың даму мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін талдау жөніндегі ақпараттарды жинау және саралау жүргізіледі.<br>2. **Жобаның инновациясы ретінде Грант қаражатынан тыс жасалатын жұмыстар:**<br>➢ Ұйымның облыстың 7 аудандағы өкілдіктері арқылы Google Forms сервисі арқылы ауылдық жастар арасында әлеуметтік сауалнамалар **жобадан тыс, қаржы шығынынсыз** (0 теңге) **21 ұйым өкілдері** сауалнама жүргізеді. Сауалнамаға қатысушылар саны – **150.** |

<table>
<tr><td></td><td colspan="2">

- Жоба материалдарын Атырау қаласы көшелерінде орналасқан  2 лэд экранда әр қайсысында 5 күннен, жалпы 10 күн насихатталады;
- Грант конкурсына қатысушыларды көптеп тарту мақсатында Атырау облысы аумағында таратылатын «Ретро FM» 105 және «Жұлдыз FM» 107,2 радиолары арқылы әр радиоторапта  5 күннен насихаттау жұмысы жүргізіледі.

3. Әлеуметтік жобалар бойынша гранттар беру байқауының басым бағыттарының саны **10**-нан кем емес болады.
4. Жоба басталғандығы және ақпараттары ұйымның әлеуметтік желілердегі парақшаларында, БАҚ-да жарияланым саны -**3**.
5. **3** бағыт бойынша Білім беру бағдарламалары әзірленеді.
6. **7** ауданнан Білім беру бағдарламаларына қатысушылар саны **- 140.** Сонымен қатар қызығушылық танытқан өзге де ауыл жастары – **10, барлық қатысушылар саны -150.**
7. Әлеуметтік жобалар байқауына қатысушылардың жалпы саны  **50 -ге дейін;**
8. **Атырау облысы ауылдарының жастарының бастамаларымен әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталған 14 жоба әр қайсысы 500 000 тг көлеміндегі грантпен қамтамасыз етіледі;**
9. Грант иегерлерінің әлеуметтік жобаларына тікелей қамтылатын адам саны  **150**-ден кем емес.
10. Жобаға жанама қатысушылар саны **150-**ден кем емес.
11. Жоба бойынша БАҚ- да жарияланатын мақала саны-3, әлеуметтік жарияланымдар саны **30**-дан кем емес.

</td></tr>
<tr><td>Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері</td><td colspan="2">

- Жобаның белсенді кезеңі басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастар арасында екі фазалы сауалнамалар жүргізу арқылы қатысушылардың қанағаттану деңгейін 80% -ға дейін жеткізу.
- Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін қатысушылармен кемінде 2 фокус-топтық талқылауын жүргізу, ұсыныстарды жергілікті атқарушы органдарға, тапсырыс берушіге жолдау арқылы  Атырау облысының ауыл жастарының әлеуметтік жобаларын гранттық қолдау арқылы әлеуметтік жергілікті мәселелерді шешуге тартылуын арттыру.

</td></tr>
<tr><td>12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*<br>* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтырылады және серіктестердің хаттарымен расталады</td><td>Серіктес<br>Қысқа мерзімдік жоба болғандықтан серіктестер тартылмады. Алайда ұйымның облыстың 7 ауданындағы үйлестірушілері қаржысыз жобадан тыс қолдау жұмыстарын жүргізеді.</td><td>Қолдау түрі: Байқау ережелерін ауыл жастарына тарату, сауалнамалар жүргізу</td></tr>
<tr><td>13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады</td><td colspan="2">Ұйымның әлеуметтік желі парақшаларында, жергілікті Радио тораптарында, жарнамалық лэд экрандарда және жергілікті БАҚ-да ақпараттар жарияланатын болады.</td></tr>
<tr><td colspan="3" align="center">4. Күнтізбелік жоспар</td></tr>
</table>

| № Р\с | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ауыл жастарының түйткілді мәселелері. Жергілікті жерлердегі ауыл жастарының даму мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін анықтау | Жобалық топ Атырау облысының Исатай, Құрманғазы, Индер, Махамбет, Жылыой, Мақат, Қызылқоға аудандары ішкі саясат бөлімдеріне және Атырау қаласы маңындағы ауылдық округтер әкімдіктеріне хат жолдау арқылы жергілікті жерлердегі жастардың даму мүмкіндіктері мен қажеттіліктер | Келісімшартқа отырғаннан кейін, мамыр айы, 2023ж. | Маусымға дейін,2023ж. | Жергілікті жерлердегі ауыл жастарының даму мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін талдау жөніндегі ақпараттар тізбесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ін талдау жөніндегі ақпараттарды жинау және саралауды жүргізу | | | |
| 2 | Білім беру бағдарламалары жастардың жоба жасау бойынша ақпараттық сауаттылығы қалыптастырылады, қатысушыларды іріктеу жұмыстары жүргізіледі. | Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, тапсырыс берушімен келісу және қатысушыларды іріктеу критерийлерін дайындау | Мамыр, 2023 ж | Маусым, 2023ж | 1. «Әлеуметтік жоба жасау» ;<br>2. «Бухгалтерлік есеп жүргізу»;<br>3. «Ақпараттық сауаттылық» бағдарламалары дайындалады.<br>4. Білім беру бағдарламаларына қатысушылар топтары қалыптастырылады. |
| 3 | Ауыл жастары әлеуметтік жобалар дайындау, жоба есебін жүргізу және ақпараттық сауаттылық бойынша біліктіліктерін арттырады | Әлеуметтік жобалар дайындау, жоба есебін жүргізу және ақпараттық сауаттылық бойынша оқыту, байқау ережесімен таныстыру | Маусым, 2023ж | Маусым, 2023ж | -Жобалық топпен Білім беру бағдарламаларын өткізу кестесі және қатысушылар тізімдері жасақталады.<br>- Сабақтарға қатысушылар WhatsApp мессенджеріне топтарға қосылады. Сабақ кестесі негізінде топтарға сілтемелер мен хабарландырулар жолданады.<br>- ZOOM «кәсіби» пакеті сатып алынады, сабақтар кестеге сай жоспарланып, өткізіледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | онлайн семинарларын өткізу (кем дегенде 8) | | | |
| 4 | Гранттар байқауы жеңімпаздарын анықтау мәселесі шешіледі | Білім беру бағдарламасына қатысушылар арасында шағын гранттар байқауын өткізу. Жобаларды іріктеу, грант иегерлерін анықтау | Маусым,2023 жыл | 10 тамыз, 2023ж. | - Ауыл жастарына арналған әлеуметтік жобалардың шағын гранттар байқауының Тапсырыс берушімен мақұлданған Ережесі қатысушылардың WhatsApp мессенджеріне топтарына, ұйымның әлеуметтік желілердегі парақшаларында, жергілікті Радио тораптарында жарияланады.<br>- Жобалық топпен Байқау бағыттары бойынша құжаттар сұрыпталады.<br>- Байқау жеңімпаздарын анықтау мақсатында әлеуметтік жобалау және оны жүзеге асыру бойынша тәжірибелі және арнайы мамандардан қомиссия құрамы жасақталып, грант иегерлерін анықтау жұмыстары жүргізіледі.<br>- Грант иегерлерімен келісім шарттар жасау: жобаларды жүзеге асыру, қаржылық, шығармашылық есептілік мерзімдерін белгілеу, қаржымен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі. |
| 5 | Жоба туралы ақпараттарды насихаттау | Жобалардың жүзеге асырылу барысын ақпараттық жария етуді, оның ішінде жоба қорытындысы бойынша БАҚ- да мақала жариялау. Жоба есебін тапсыру | Мамыр, 2023 ж. | 30 қыркүйекке дейін, 2023 ж. | - Жобалардың жүзеге асырылуы бойынша ақпараттарды әр бағытқа арнайы хэштегтермен әлеуметтік желілерде жариялау жұмыстары жүргізіледі.<br>- Жоба қорытындысы бойынша БАҚ- да мақала жарияланады.<br>- Жобалық топ жоба бойынша шығармашылқ және қаржылық есебін тапсыруды жүзеге асырылады. |

| 5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | Шығыстардың баптары | Өлшем бірлігі | Саны | Құны, теңге | Барлығы, теңге | Қаржыландыру көздері | | Негіздеме/түсініктеме |
| | | | | | | Өтініш беруші (жеке салым) | Грант қаражаты | |
| | | | | | | | | |
| 1 | Жиынында: **Административті шығындар:** | | | | | | | |
| | **Жалақы қоры:** | | | | | | | |
| | 1) Жоба жетекшісі (міндетті медициналық сақтандыру, әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдермен қоса) | ай | 4 | 180 000,00 | 720 000,00 | | 720 000,00 | |
| | 2) СММ маманы және жоба есебін қалыптастырушы (міндетті медициналық сақтандыру, әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдермен қоса) | ай | 4 | 120 000,00 | 480 000,00 | | 480 000,00 | |
| | 3) Есепші (міндетті медициналық сақтандыру, әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдермен қоса) | ай | 4 | 89 000,00 | 356 000,00 | | 356 000,00 | |
| | **Іссапар шығындары** (7ауданға іссапар) | дана | 7 | 37 285 | 260 995,00 | | 260 995 ,00 | |
| | **Интернет шығындары** | ай | 4 | 12 000 | 48 000,00 | | 48 000,00 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Банк шығындары** | ай | 4 | 4 000 | 16 000,00 | | 16 000,00 |
| | **Почта шығындары** | дана | 3 | 3 000 | 9 000, 00 | | 9 000,00 |
| | **Кеңсе тауарларын алу**:<br>А4 размерлі кеңсе қағазын алу | дана | 5 | 2 501 | 12 505,00 | | 12 505,00 |
| | **Картридж алу** | дана | 2 | 5100 | 10 200,00 | | 10 200,00 |
| | **Барлығы:** | | | | **1 912 500 ,00** | | **1 912 700 ,00** |
| 2 | Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар:<br>1. Фотоаппарат Canon EOS 6D Mark II Body<br>2. Asus Zenbook<br>3. МФУ Epson L 3200 | дана | 1<br>1<br>1 | 332 300.00<br>550 000.00<br>150 000,00 | 332 300.00<br>550 000.00<br>150 000.00 | | 332 300.00<br>550 000.00<br>150 000.00 |
| | **Барлығы:** | | | | **1 032 300, 00** | | **1 032 300,00** |
| **3** | **Жоба шығындары:** | | | | | | |
| | ZOOM «кәсіби» пакетін сатып алу | дана | 4 | 7000 | 28 000,00 | | 28 000,00 |
| | Грант | дана | 14 | 500 000,00 | 7 000 000,00 | | 7 000 000,00 |
| | Комиссия жалақысы | адам | 5 | 10 000,00 | 50 000,00 | | 50 000 ,00 |
| | БАҚ-да мақала жариялау | дана | 3 | 100 000,00 | 300 000,00 | | 300 000,00 |
| | Барлығы: | | | | **7 378 000, 00** | | **7 378 000,00** |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сауалнама жүргізу шығындары | Дана | 150 | 0,00 | **0,00** | Бірлестік есебінен | **0,00** |
| | Жоба материалдарын Атырау қаласы көшелерінде орналасқан лэд экранда насихаттау | дана | 2 | 0 ,00 | **0,00** | Бірлестік есебінен | **0 ,00** |
| | Грант конкурсын Атырау облысы аумағында таратылатын «Ретро FM» 105 және «Жұлдыз FM» 107,2 радиолары арқылы насихттау | дана | 2 | 0 ,00 | **0,00** | Бірлестік есебінен | **0 ,00** |
| | **Барлық шығындар:** | | | | **10 323 000 ,00** | | **10 323 000,00** |

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі.
Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды,  жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатыпалу  түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:
- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылғані с-шаралар жобасында болмауын;
– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкескелетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;

| |
|---|
| - ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен жасайтын берешекті қоспағанда);<br>- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болыпта былмайтынын;<br>- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруынтара туды қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінежәне (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды. |
| Төрайым ________________ Ғилым Қарақат Ғилымқызы 2023ж. "26" сәуір<br>(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні) |